

Степногорск қаласы бойынша 2013 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № А-4/164 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 сәуірде № 3713 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 03-45ш/2838 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 05.11.2014 № 03-45ш/2838 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, "А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 177 қорытындысы негізінде Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Степногорск қаласы бойынша 2013 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдері және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Ә.Қ.Күмпекеевке жүктелсін.

3. Қала әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі

М.Тақамбаев

Степногорск қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 18 сәуірдегі
№ А - 4 / 164 қаулысына
қосымша

Степногорск қаласы бойынша 2013 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдердің ұсыну мерзімдері және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері

№ р/р	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	Оңтайлы себу мерзімдері	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімде тапсыру мерзімі
1	орташа кеш жаздық бидай	15-нен 23 мамырға дейін	24 мамырға дейін
2	орташа піскен жаздық бидай	18-нен 26 мамырға дейін	27 мамырға дейін
3	орташа ертерек жаздық бидай	21-нен 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін
4	жаздық арпа	29 мамырдан 4 маусымға дейін	5 маусымға дейін
5	сұлы	27-нен 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін
6	картоп	10-нан 25 мамырға дейін	27 мамырға дейін
7	көкөніс-бақша дақылдары ашық топырақта	12 мамырдан 14 маусымға дейін	17 маусымға дейін
8	бір жылдық шөптер	17-нен 25 мамырға дейін	27 мамырға дейін
9	көп жылдық шөптер (ерте көктемгі егістік)	30 сәуірге дейін	2 мамырға дейін
10	көп жылдық шөптер (көктемгі егістік)	1-нен 12 мамырға дейін	13 мамырға дейін